

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қаңтардағы N 31 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар ормандарды молықтыру және оларды өрттерден қорғау, орман қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, орман өсімдіктерінің тектік қорын сақтау, сондай-ақ киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін сақтау, қалпына келтіру және олардың санын есепке алу, балық ресурстарының өсімін молайту, балық ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, балықтардың сирек кездесетін және бағалы түрлерінің тектік қорын сақтау және олардың табиғи мекендеу орындарында санын көбейту үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды беруші және қызметтер көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т е р т і п п е н :

осы қаулыға қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен шарттар жасалуын;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын бөлінген ақша қаражатының оңтайлы және тиімді пайдаланылуын сақталуын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 19 қаңтардағы
N 31 қаулысына

қосымша

Ормандарды молықтыру және оларды өрттерден қорғау, орман қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, орман өсімдіктерінің тектік қорын сақтау, сондай-ақ киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін сақтау, қалпына келтіру және олардың санын есепке алу, балық ресурстарының өсімін

молайту, балық ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, балықтардың сирек кездесетін және бағалы түрлерінің тектік қорын сақтау және олардың табиғи мекендеу орындарында санын көбейту үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілердің тізбесі

P/c N	Жұмыстарды беруші мен қызметтерді атауы	Жұмыстарды беруші мен қызметтерді көрсетушінің орналасқан жері	Жұмыстар мен қызметтердің атауы
1	2	3	4
1.	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қазақ ормандарды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет ететін базасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Алматы қ.	Орманды авиациялық қорғау
2.	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Жасыл аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Астана қ.	Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру
3.	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Орман шаруашылығын жобалау жөніндегі қазақ мемлекеттік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Алматы қ.	Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын, ормандарды өртке қарсы жайластыруды жобалау
4.	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Алматы қ.	Орман орналастыру жұмыстары
5.	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Алматы орман селекциялық орталығы" республикалық қазыналық кәсіпорны	Алматы қ.	Тұрақты орман тұқымы базасын қалыптастыру
	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің		Тұрақты орман тұқымы

6.	"Көкшетау орман селекциялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Щучинск қ.	б а з а с ы н қалыптастыру
7.	ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Охотзоопром" ӨБ " республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Алматы қ.	Киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін сақтау, қалпына келтіру және олардың санын есепке алу
8.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің бекіре балық өсіру зауыты" республикалық қазыналық кәсіпорны	Атырау облысы Заросльы ауылы	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
9.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" республикалық қазыналық кәсіпорны	Атырау облысы Еркінқала ауылы	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
10.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Майбалық балық питомнигі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ақмола облысы Майбалық кенті	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
11.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Жоғарғы Тобыл балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Лисаковск қ.	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
12.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Петропавл балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Петропавл қ.	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
13.	ҚР АШМ Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Қарағанды балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Қарағанды облысы Жаңа Солоничка станциясы	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
14.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Шардара балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Шардара қ.	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қамыстыбас балық		

15.	питомнигі" республикалық мем-лекеттік қазыналық кәсіпорны	Қызылорда облысы Қосжар кенті	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
16.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қашыр балық питомнигі" республикалық мем-лекеттік қазыналық кәсіпорны	Павлодар облысы Қашыр ауданы	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
17.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Алматы қ.	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
18.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	А л м а т ы облысы Шалқар кенті	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру
19.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ш ы ғ ы с Қазақстан облысы Мальковое ауылы	Б а л ы қ ресурстарын молықтыру

Е с к е р т у :

а б б р е в и а т у р а н ы а ш ы п ж а з у :

ҚР АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі